

BR10965247 «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ, КӨШІ-ҚОН, УРБАНИЗАЦИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДИНАМИКАСЫН, ФАКТОРЛАРЫН ЗЕРТТЕУ, ЦИФРЛЫҚ КАРТАЛАР МЕН БОЛЖАМДАРДЫ ӨЗІРЛЕУ»

2021 Ж. БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

Бірінші кезеңдегі зерттеудің мақсаты (2021 ж.) – демографиялық процестердің факторлары мен динамикасын, көші-қон мен урбанизацияны, Қазақстандағы демографиялық процестерді реттеудің саяси-құқықтық негіздерін талдау негізінде 30 жылдағы демографиялық дамудың негізгі тенденцияларын анықтау, Қазақстан мен оның өңірлерінің халық санының болжамдарын әзірлеу.

БІРІНШІ КЕЗЕҢНІҢ МІНДЕТТЕРІ (2021 Ж.):

- Қазақстан мен оның өңірлеріндегі халықтың демографиялық құрылымына, динамикасына, демографиялық процестеріне талдау жасау;

- Қазақстандағы көші-қон факторларын, ішкі және сыртқы көші-қон ағындарының қарқындылығы мен сапасын зерделеу, көші-қонның құқықтық, саяси, әлеуметтік және экономикалық факторларына талдау жүргізу;

- қалалық жүйелерді дамытудың заманауи үрдістерін қарастыру, Қазақстандағы урбандалу факторларына, қарқындылығы мен сапасына талдау жүргізу;

- демографиялық жағдайды модельдеу және болжау әдістері мен алгоритмдерін зерделеу, халықтың көбеюінің қазіргі тенденцияларының халықтың болашақ саны мен құрамына әсерін бағалау;

- Қазақстандағы және шетелдегі демографиялық процестерді реттеудің саяси-құқықтық негіздеріне салыстырмалы талдау жүргізу, демографиялық көрсеткіштерді жүйелеу және оларды Қазақстанның демографиялық дамуы жөніндегі бағдарламалардың нысаналы параметрлерімен салыстыру.

- цифрлық карталарды әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының өңірлері мен қалалары бөлінісінде демографиялық деректер базасын құру үшін материал жинауды жүргізу.

- бағдарламаның макетін, алгоритмін, бағдарламалық кодын, веб-сайтын жасау.

БІРІНШІ КЕЗЕҢНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (2021):

- өлім-жітім мен туу көрсеткіштерін талдау негізінде Қазақстанда және оның өңірлерінде халықтың өсімін молайту үрдістері анықталды; елдегі және оның өңірлеріндегі демографиялық өзгерістердің қарқындылығы айқындалды;
- өңірлердегі этностар мен этнодемографиялық процестердің қоныстануына және өңірлердің демографиялық жағдайының ықпалына талдау жүргізілді; қала және ауыл халқының этникалық және ішкі көші-қонының үрдістері, олардың демографиялық даму перспективаларына әсері айқындалды;
- бірінші және екінші баланың туу кезегі бойынша туудың төмендеу факторлары және олардың күтілетін демографиялық жағдайға әсері айқындалды; демографиялық процестерді болжау кезінде негізгі фактор ретінде перспективаға туу динамикасының себеп-салдарлық байланыстары анықталды;
- жүргізілген кешенді талдау негізінде диаграмма-карта құра отырып, өңірлердегі қалыптасқан демографиялық жағдайға баға берілді;
- сыртқы көші-қон процестерінің дамуының негізгі тенденциялары, оның ішінде оның динамикасы, мигранттардың қарқындылығы мен сапалық құрамы айқындалды; Қазақстандағы ішкі көші-қон ағындарына, оның ішінде олардың динамикасына, құрылымына, бағыттарына, себептері мен жағдайларына сипаттама берілді;
- ішкі және сыртқы көші-қон ағындарының қалыптасуына әсер ететін негізгі әлеуметтік-экономикалық факторлар анықталды; көші-қонның негізгі құқықтық және саяси факторлары анықталды;
- көші-қонды реттеудің шетелдік тәжірибесін зерделеу негізінде көші-қон саясатының ұлттық моделін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді;
- Қазақстан қалаларының эволюциясы барысында жекелеген қалалардың рөлі өзгерді, ескі өнеркәсіптік урбандалған өңірлердегі қалалардың рөлі жойылды, жаңа көшбасшылардың пайда болуы анықталды, Қазақстанның қалалық жүйесі орта және шағын қалалар халқының азақ үрдістерінің күшеюімен ірі қалаларда халықтың көп шоғырлануы бар дамушы елдерге тән үлгіге қарай дамидыны көрсетілді;
- пәнаралық тәсіл негізінде урбанизация факторлары анықталды, урбанизация факторларының жиынтығын жіктеу жүзеге асырылды (тарихи, демографиялық, географиялық және аумақтық-кеңістіктік, экономикалық, әлеуметтік, техникалық, экологиялық, табиғи-климаттық, институционалдық-басқарушылық, геосаяси, жаһандық);
- урбанизация қарқындылығының есептелген коэффициенттері негізінде урбанизацияның жоғары және орташа қарқыны бар өңірлердің үш санаты, сондай-ақ өзіне тән дезурбанизациясы бар өңірлер бөлінді, туу мен көші-қонның өсуі, елдің мегаполистеріне көші-қон ағындарының бағдарлануы есебінен орын алатын қала халқы санының өсу үрдістері анықталды;
- Қазақстанда және шетелде демографиялық процестерді реттеудің саяси-құқықтық негіздеріне салыстырмалы талдау жасалды, ішкі және сыртқы көші-қон

ағындарының қалыптасуына ықпал ететін негізгі әлеуметтік-экономикалық факторлар айқындалды; көші-қонның негізгі құқықтық және саяси факторлары анықталды; демографиялық көрсеткіштер жүйеленді және табиғи көбею процесіне әсер ететін мемлекеттік бағдарламалардың нысаналы параметрлерімен салыстырылды.

- демографиялық статистиканың негізгі бөлімдері, тақырыптық картографиялық материалдар, топографиялық карталар, 1991-2020 жылдар кезеңінде векторлық тақырыптық қабаттарды кейіннен құру үшін карта-схемалар бойынша MS Excel кестелері түрінде деректерді жинау және құрастыру жүзеге асырылды;

- бағдарламаның веб-сайты жасалды <https://project.ieconom.kz>. бағдарлама және оның орындаушылары туралы мәліметтер орналастырылған.

Апробация және енгізу дәрежесі. Бірінші кезеңде (2021 ж.) 2021 жылғы қыркүйектен қарашаға дейін шетелдік ғылыми басылымдарда 6 мақала жарияланды, оның ішінде Web of Science (Core Collection - Emerging Sources Citation Index, IF 0.15, Q4) базасында 1 мақала, халықаралық конференциялар материалдарында 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен дөңгелек үстелдерде 9 баяндама ұсынылды.